

- Султанов К. С. Наш сосед Китай. Очерки о внешней политике Казахстана. Алматы : Елорда, 1997. 733 с.
- Сыроежкин К.Л. Казахстан-Китай: от приграничной торговли к стратегическому партнерству. Книга 3. Алматы: КИСИ, 2010. 524 с.
- Сыроежкин К.Л. Проблемы современных казахстанско-китайских отношений. // Межгосударственные отношения, 2019. С.21-36.

References

- Vneshnyaya torgovlya Respubliki Kazahstan 2011-2018. Statisticheskij sbornik / pod red. N.S. Ajdapkelova. Astana: Komitet po statistike Ministerstva nacionalnoj ekonomiki Respubliki Kazahstan, 2019. 260 s.
- Zhigalov K.V., Sultanov B.K. Pervyj Prezident Respubliki Kazahstan Nursultan Nazarbajev. Hronika deyatelnosti (1.12.1991-31.05.1993). Almaty, 1993. S.8-9
- Zhukov S.V., Reznikova O.B. Centralnaya Aziya v socialno-ekonomicheskikh strukturah sovremennogo mira. M., 2001 194 s.
- Investicionnaya i stroitel'naya deyatelnost v Kazahstane. Stat. Sb. - Nur-Sultan. 2019 165 s.
- Kazahstan v cifrah. Broshyura. Nur-Sultan. 2019. 22 s.
- Savkovich E.V. Kitaj vo vneshnej politike Respubliki Kazahstan. Avtoref. dis. kand. ist. nauk. Tomsk. 2005. 30 s.
- Savkovich E.V. Politika Kitaya v Centralnoj Azii: 1992-2012 gg. Dis.. d.i.n. M., 2013 532 s.
- Statistika sistemy obrazovaniya Respubliki Kazahstan. Nacionalnyj sbornik 2018 g. Oficialnyj sajt Ministerstva obrazovaniya i nauki Respubliki Kazahstan.// <http://www.edu.gov.kz/ru/analytics/statistika-sistemy-obrazovaniya-respub>
- Sultanov K. S. Nash sosed - Kitaj Oчерки о vneshnej politike Kazahstana. Almaty : Elorda, 1997.733 s.
- Syroezhkin K.L. Kazahstan-Kitaj: ot prigranichnoj torgovli k strategicheskomu partnerstvu. Kniga 3. Almaty: KISI, 2010. 524 s.
- Syroezhkin K.L. Problemy sovremennyh kazahstansko-kitajskih otnoshenij. // Mezghosudarstvennye otnosheniya, 2019. S.21-36.

FTAXP 03.20

ҚАЗАҚ - БАШҚҰРТ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ

Қожақұлы Өтебай¹, Спандияр Ақмарал Серікжанқызы²

¹тарих ғылымдарының докторы, Қорқыт-Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры, Қызылорда қ., Қазақстан. E-mail.ru: oteubay@bk.ru

²Қорқыт-Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің магистранты, Қызылорда қ.,Қазақстан. E-mail.ru: spandiyar17@bk.ru

Түйіндеме. Мақалада түркі тілдес башқұрт этногенезінің қалыптасуы мен түбі бір бауырлас халықтың біріге отырып, тәуелсіздік жолындағы саяси күресі сипатталады. Қазақ-башқұрт қатынасының тарихнамасына тереңірек талдау жасалынды. Соның бір қыры – ол қазақ және башқұрт қайраткерлік күресі және сол қозғалыстағы Зәки Уәлиди тұлғасы, саяси қайраткерлігі, қазақ-алаш қайраткерлерімен қызметтестігі де қарастырылған. Түркі әлемімен бірлескен қазақ- башқұрт қатынастарының тарихы терең, себебі ХҮІІІ ғасырдан басталып, ХХ ғасыр басындағы түркі халықтарының азаттық қозғалысы бір арнамен өрбіді және артында мол саяси, интеллектуалдық мұра қалдырды.

Кілт сөздер: қазақ, башқұрт, ұлт-азаттық, қатынас, тәуелсіздік.

МРНТИ 03.20

ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНСКО-БАШКИРСКИХ ОТНОШЕНИЙ

Қожақұлы Өтебай¹, Спандияр Ақмарал Серікжановна²

¹доктор исторических наук, профессор Университета имени Коркыт-Ата Казахстан, г. Кызылорда. E-mail.ru: oteubay@bk.ru

²магистрант Кызылординского госуниверситета им. Коркыт-Ата, Казахстан, г. Кызылорда. E-mail.ru: spandiyar17@bk.ru

Аннотация. В статье рассказывается о становлении тюркоязычного башкирского этногенеза и политической борьбе за независимость, объединенной братским народом. Проведен углубленный анализ историографии казахстанско-башкирских отношений.

Одним из его аспектов является борьба казахстанских и башкирских активистов, а также личность Заки Валиди, его политическая деятельность и его сотрудничество с казахстанско-алашскими деятелями. История казахстанско-башкирских отношений с тюркским миром глубокая, потому что начиная с XVIII века освободительное движение тюркских народов в начале двадцатого века шло по единому руслу и оставило после себя богатое политическое и интеллектуальное наследие.

Ключевые слова: казах, башкир, национальное освобождение, общение, независимость.

IRSTI 03.20

HISTORY OF KAZAKH-BASHKIR RELATIONS

Kozhakuly Otebay¹, Spandiyar Akmaral Serikzhanovna²

¹doctor of historical sciences, Professor at Korkyt-Ata University

Kazakhstan, Kyzylorda. E-mail.ru: oteubay@bk.ru

²Master student at Korkyt-Ata Kyzylorda State University

Kazakhstan, Kyzylorda. E-mail.ru: spandiyar17@bk.ru

Abstract. The article describes the formation of the Turkic-speaking Bashkir ethnogenesis and the political struggle for independence, united by a fraternal people. An in-depth analysis of the historiography of Kazakh-Bashkir relations was made. One of its aspects is the struggle of Kazakh and Bashkir activists, as well as the personality of Zaki Walidi, his political activity, and his cooperation with Kazakh-Alash figures. The history of Kazakh-Bashkir relations with the Turkic world is deep, because starting from the XVIII century, the liberation movement of the Turkic people in the early twentieth century followed a single channel and left behind a rich political and intellectual heritage.

Key words: Kazakh, Bashkir, national liberation, communication, independence.

Кіріспе. Башқұрттар (өз атауы - башқорттар; башқорт, яғни бас құрт (түркіше - бас бөрі)) – түркі тілдес халық. Башқұртстан Республикасының байырғы халқы. Ресейдің Челябині, Қорған, Орынбор, Пермь облысы, Свердлов облысы, Саратов облыстарында, шағын тобы Қазақстан мен Орта Азияда да тұрады. Жалпы саны 1 млн. 500 мың адам (1995), Башқұртстанда 1 млн-дай. Түркі тілінің қыпшақ бұтағына жататын башқұрт тілінде сөйлейді. Орыс және татар тілдерін де қолданады. Жазуы кириллицаға негізделген. Башқұрттар этногенезінің қалыптасуына VII - X ғ-лардағы әр алуан түркі тайпалары (үсерген, байлар, сұраш, маңғауыр, жағалбайлы, тама, бешуыл, кедей, табын, мың, керей, қаңлы, арғын, байұлы, т.б.) ұйытқы болды. XI-XIII ғ-ларда қазіргі башқұрт жерін мекендеген бесене, Еділ бұлғары мен мадияр тайпаларына қыпшақтардың әсері күшейіп, көне башқұрт этносының қыпшақтану бағытында дамуы арта түсті. Бату шапқыншылығы, башқұрт жеріне Қыпшақ даласынан халықтың көптеп қоныс аударуы башқұрттардың қыпшақтану процесін одан әрі жеделдетті. Қазақ халқының этногенезінде шешуші орын алатын түркі тайпаларының басым көпшілігі башқұрт халқының құрамында да кездеседі.

Методология. Мақаланы жазуда нақты бағалаулардың бейнесін көрсете отырып, тарихты өркениеттілік пен ұлттық тұрғыдан жаңаша пайымдаудың әдістері қолданылды. Салыстырмалылық, саралау, талдау және қорыту, тарихи-салыстырмалы, жүйелілік-құрылымдық, теориялық таным, түсіндірмелі-баяндау, тарихи құбылыстарды бағалау және т.б. сияқты ғылыми, философиялық, әлеуметтанушылық, тарихи зерттеу әдістері кешенді түрде қолданылды.

Зерттеу жұмысында басшылыққа алынған негізгі идеологиялық тұжырымдама – гуманистік таным заңдылығы және өркениеттілік құндылықтар тұрғысынан пайымдау болып табылады.

Теориялық негізін ғылыми танымның тарихилылық, нақтылық, шынайылық және құбылыстардың бағалылығы мен жүйелілігі принциптеріне негізделген зерттеулердегі тұжырымдар құрайды.

Негізгі бөлім. Көшпелі башқұрттар (түрк. — «бас бөрілер») туралы алғашқы жазба деректер IX - X ғасырлардан бастап кездеседі. Ибн Руст 903 жылы «башқұрттар өз алдына дербес ұлт, олар Еділ, Қама, Тобыл және Жайықтың жоғарғы ағысы аралығындағы

Орал тауларының екі жағында да қоныстанған» деп жазды. 1229 жылы қазіргі Башқортостан жеріне Бату әскерлері басып кіріп, 1236 жылы толық жаулап алды. Сөйтіп, башқұрттар қазақ халқының да негізін құраған тайпалармен бірге бірнеше ғасыр бойы бір мемлекет құрамында болды. Жошы ұлысының құрамына кірген башқұрттардың осыдан кейінгі тағдыры күреспен өтті десек артық айтпаймыз. Алтын Орда ыдырағаннан кейін башқұрт тайпалары Ноғай Ордасының, кейбір бөліктері Қазан және Сібір хандықтарының құрамына енді. 1557 жылы башқұрттар Ресей империясының шапқыншылығына ұшырады да, Ноғай, Сібір хандықтарымен қоса Ресей отарына айналды. Ресей патшалығының қол астына өтсе де, башқұрт ұлты іс жүзінде өзінің тәуелсіздігін сақтады. Бірақ, бұл ұзаққа созылған жоқ. Ресей өкіметінің башқұрттарды аяусыз қанауы, шенеуніктердің әділетсіздігі XVII - XVIII ғасырларда бірнеше халық көтерілістеріне алып келді. Түрік халықтарының басым көпшілігінің мойнына тағылған орыстың темір ноқтасы башқұрттарға да ілінді. Жалпы тарихта Қазақстанда отаршылдық Әбілқайырдың Ресейге қосылу шешімінен басталады, оның орыстарға сүйеніп ұлы хандық билікке ұмтылуы жайлы жазылады. Абуев Қ.Қ. «Әбілқайырдың ресейлік бодандыққа өтуде жеке бас мүддесінен өзге басқа да себептер болғаны айқын. Мәселен, Әбілқайыр мақсаты өзінің солтүстік батыс иеліктерін Еділ қалмақтары мен башқұрттардың, Жайық казактарының шабуылдарынан қауіпсіздендіру, сауда саттықты дамыту болды. Алайда, Әбілқайыр үшін бұл басты себептер болмағанын кейінгі іс әрекеттерінен айқын аңғарылады» делінген (Абуев, 2016:377). Мұрағат деректерінде Абылай сұлтан 1737 жылдардан бастап кездесе бастайды. Бұл кезеңде орыс патшасының Азия бағытындағы ашық саясаты казактарға ғана емес, сонымен бірге белгілі бір дәрежеде казактарға үнемі қауіп төндірген башқұрттардың өздеріне де секем алдырып, Ресейге қарсы кезекті ұлт-азаттық күресі жанданып жатқан болатын. Отарлық қамытты мәңгілік кимеу үшін, «орыстардың башқұрттарды талқандап, үлкендерін өлтіріп, жастарын солдатқа алып, балаларын шоқындыруды бастағандығын» алға тартқан 40 башқұрт елшісі 1737 жылы 30 сәуірде Әбілмәмбет сұлтанға келген. Көп ұзамай башқұрт елшілері Әбілқайыр мен Сәмеке хандарға, маусым айында Абылай сұлтанға да жетеді. 1737 жылы тамызда Ноғай жолының башқұрттары Әбілмәмбетке жолығып, Абылай сұлтанды өздеріне хан ретінде тағайындауын. Сөйтіп, осы жылы Абылайдың атағы қазақтан асып башқұртқа жеткен. Абылай башқұрттарға бармағанымен, оларды қазақ руларына қабылдауға шешім қабылдады. Содан башқұрттардың бірнеше жүздеген түіндері қоңырат, керей рулары арасына көшкен. Әбілмәмбеттің өзі ұлысы 45 башқұрт түінін қабылдаған. Кейін Абылай башқұрт елшілерін ертіп, «келісімге келіп, ортақ шешім қабылдау үшін» Әбілқайыр ордасына аттанған. Бірақ Әбілқайыр бұл мезгілде, яғни 1737 жылы 12 тамызда Орынборға кеткен болатын. Патша өкіметі Әбілқайыр ханды башқұрттарға қарсы айдап салуға тырысқанымен, туысқан халықтар тіл табыса білді. Башқұрттар Әбілқайырды хан ретінде мойындап, башқұрт қызына үйлендірді. 1738 жылы көктемде орыс аманатындағы Ералы сұлтанды босатуға бағытталған бірлескен шаралар қолға алынды. Содан башқұртқа Күшік хан, Әбілқайыр, Абылай сұлтандар, өзге де қазақ батырлары бастаған 30 мың қол келіп жеткен (Қазақстан тарихы порталы, 2013). 1738 жылдың наурызынан бастап Әбілқайыр қазақ, башқұрт халықтары атынан сөйлеп, шекарадағы орыс қорғандарынан олардың сауда-саттығына кедергі жасамауды талап етіп, «башқұрттар өзара келісімге келді» деген хаттармен орыс өкіметіне шыға бастайды. 1740 жылы 19 тамыз – 1 қыркүйек аралығында Орынборда қазақ-орыс келіссөзі өтеді. Оған Әбілқайыр ұлдары Нұралы, Ералы сұлтандар, Жәнібек батыр, 24 тамызда Әбілмәмбет хан және Абылай сұлтан қатысқан. Әбілмәмбет хан генерал-лейтенант В. Урусовқа Абылай қарамағында «үш рулы ел бар» деп таныстырды.

1735-1740 жылы башқұрт көтерілістеріне патша үкіметінің башқұрт жеріне әскери қамалдар тұрғызуы себепші болды. 1735 жылы Уфадан шыққан жасақ Ор өзенінің бойында әскери бекініс орнатуға кірісті. Бұған қарсылық ретінде 1735-36 жылы елдің оңтүстік-батыс және оңтүстік аудандары көтеріліп, 1737 - 39 жылы елдің шығыс бөлігіне ауысты. Мұнда көтерілісшілер Сібір жолына өз бақылауларын орнатты. Көтерілісті ірі башқұрт ақсүйектері ахун Кильмяк Нурушев, Акай Кусюмов, батырлар Юсуп Арыков пен Тюлькучура Алдағұлов, молдалар Бепеня Трупбердин және Юлдаш Сюярымбетовтар басқарды. Көтерілісшілер бекіністер мен үкімет әскерлерін, орыс шаруалары қоныстанған қыстақтарды талқандады. Көтеріліс көсемдері Кіші жүз ханы Әбілқайырдың көмегіне сүйеніп, Ресей үкіметінен бөлініп шығуды армандады. Ресей

өкіметі көтерілісті басуға арнайы әскер жіберді. Бірақ көтеріліс 1740 жылы Сібір жолы бойында қайтадан күшейіп кетті. Бұл жолы көтерілісшілерді өзін ханмын деп жариялаған Қарасақал (Минлигула Юлаев) басқарғандықтан көтеріліс Қарасақал көтерілісі деп аталды. Үкімет бұл көтерілісті асқан қаталдықпен басты. Көтеріліс басшылары өлім жазасына кесіліп, көтеріліске қатысушыларға көп мөлшерде айыппұл салынды. Көптеген көтерілісшілер қазақ жеріне өтіп кетті (Валидов Р., 2006: 306).

1755 жылғы Батырша көтерілісі ұлттық езгінің күшеюіне қарсылық ретінде басталды. Көтеріліс басшысы молда Абдолла Әлиев (лақап аты Батырша) барлық мұсылман халықтарын көпірлерге қарсы «қасиетті соғыс» ашуға үндеу жолдады. Ол, әсіресе, қазақтармен одақтасуға үлкен мән берді. Бұл башқұрт халқының Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы бағытталған кезекті ірі көтерілісі еді. Көтерілісші башқұрттардың жоспары бойынша, олар қазақтармен бұрынғы кездердегі сияқты біріге күш жұмсап, патша әскерлеріне қарсы күреске шығуды армандады. Қазақстанның шегіне көшіп бару башқұрттардың отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ете-ді деп ойлады.

Көтерілістің зор ауқымдылығынан және екі халықтың күш біріктіре қарсылық жасауынан қауіптенген патша әкімшілігі оларды бір-бірімен араздастырып, өзара қақтығыстыруға әрекет жасап бақты.

Қазақ халқының едәуір бөлігі башқұрт әскери жасақтарының басшысы Батыршаның үндеуін үсіністікпен қабыл алды. Орынбор әкімшілігінің тарапынан жасалған қоқанлоқы қорқытуларға қарамастан, көптеген башқұрттар қазақ даласынан өздеріне баспана тапты. Қазақтардың бұл көтеріліске жаппай қатысқан кездері де аз болған жоқ.

Орынбор өлкесінің губернаторы И.И. Неплюев қазақтардың билеушілеріне көтеріліске қатысқан башқұрттарды ұстап беруді немесе ең болмағанда оларды шекара шебінен асыра қайта қуып шығуды ұсынды. Бұл қызметі үшін олардың дүние-мүлкі мен мал басын тартып алуға рұқсат етті. Башқұрттардың әйелдері мен балалары қазақтардың қолында қалуы тиіс болды. Ұсынысты қазақтардың Нұралы хан бастаған аз ғана тобы қуана қабыл алды. Қазақтардың тарапынан жасалған жүгенсіз бассыздықтар туралы естіп білген башқұрттар енді кек алуға көше бастады. Атап айтқанда, олар Неплюевтен өздерінің қазақ даласына өтіп, олардан «кек алуына» рұқсат сұрады. Ресми түрде Неплюев рұқсат етпегенімен бекініс бастықтарына башқұрттардың Жайық жағына өтіп жатқанын байқамаған болуы жөнінде құпия нұсқау берді. Ал екі жақ бірін-бірі қырып-жоюға тақалған кезде олардың өзенге жақын келмеуі туралы алдын ала ескерту жасады. Осы мақсатпен ол шекара шебін күзетуді одан сайын күшейте түсті.

Көтеріліс езіп-жаншып басылғаннан кейін кейбір қазақ рулары өздерінің араларында башқұрттарды жасырын ұстауды одан әрі жалғастыра берді. Бұл жағдай патша үкіметін генерал-майор А.Тевкелевті қазақ даласына арнайы жіберуге мәжбүр етті. А.Тевкелев қазақтардың қашқын башқұрттарды қызғыштай қорғамай, патша үкіметіне жедел түрде ұстап беруі тиіс екеніне көздерін жеткізуге тырысты.

Тевкелев қазақ старшындарын патша өкіметі билігінің талаптарын орындауға көндіру мақсатымен қорқытып-үркітіп, үрей де тудырды, қымбат бағалы сыйлықтар ұсынып алдауды да шебер пайдалана білді.

Нұралы ханның іс-әрекеттері қазақ-башқұрт қатынастарының одан әрі ушыға түсуіне себеп болып, бірнеше ондаған жыл бойы өзара жорықтар жасалып тұрды. Қазақтар ендігі жерде Жайықтың оң жақ жағалауына және башқұрттардың көшіп-қонып жүретін жерлеріне бұрынғыдай емін-еркін бара алмайтын болды. Осылайша қазақ-башқұрт арасындағы қарым-қатынас осындай шиеленісті жағдайда болды.

Осы уақытқа дейін Ресей империясы Әбілхайыр хатының орысша аудармасымен талай ұрпақты алдап келді. Сол тарихи хаттың түпнұсқасы 1999 жылы оқылғанда талай ғалымдардың көктен іздегені жерден табылғандай қуанды және тарихымыздың шындығын дұрыс бағытқа бұрып жіберді. Сол тарихи хаттың бұлтартпас нақты аудармасы да осы уақытқа дейін талай жерде жарыққа шықты. Алайда студенттер мен мектеп оқушыларына арналған оқулықтарда көрсетілмей-ақ келе жатыр. Әбілхайырдың қолынан қалай болмасын бір хат алу керек деген мәселені де қойған І Петр болатын. Ол осы тапсырманы 1722 жылы Тевкеловке қатаң тапсырды. Тевкелов сол үшін көп еңбек етті. Оған тек І Петр өлген соң 5 жылдан кейін, яғни 1730 жылы қолы жетті. Бұл тарихи хатта бодандық туралы бір сөз жоқ, болуы да мүмкін емес еді. Оның мазмұны Қазақ пен Башқұрт халқы арасындағы бұрынғы достықты орнату ғана еді. Осы уақытқа

дейін оның орысша жалған аудармасын пайдаланып келдік. Бұрынғысы мен жаңа аудармасын төменде көрсетіп отырмыз. Мынау осы уақытқа дейін қаншама ұрпақты алдап келген Әбілхайыр хатының бұрынғы аудармасы: Послание в Петербург ее величеству Величайшей, благородной, богатой и умной обладательнице многих земель, ее величеству государыне императрице ежедневно, ежемесячно и ежегодно желаем божией милостью благополучного государствования. Наше заявление Вашему величеству состоит в том, что с подданным Вам башкирским народом, который находится за Уралом, у нас близких отношений не было. Желая быть совершенно подвластным Вашему величеству, я посылаю своего посланника вместе с Вашим подданным Алдарбаем. Этот Алдарбай требовал посланника от нас к Вашему величеству, и поэтому мы, Абулхайр хан с подвластными мне многочисленным казахским народом Среднего и Малого жузов, все преклоняемся перед Вами, являемся Вашими слугами и все вместе в простом народом желаем Вашего покровительства и ожидаем Вашей помощи, чтобы с подданным Вам башкирским народом, находящимся за уралом, жить в согласии.

Желаем Вам всякого благополучия и будем Вашими подданными. (Передали): Сеиткул, Главный посланник Куттумбет с товарищами. Асты сызылып қара әріппен берілген сөздер мен сөйлемдер хат түпнұсқасында жоқ. Сол тарихи құжаттың дұрыс аудармасы төменде берілген. Әбілхайыр хаты Ресей арнайы жіберген Алдарбай деген кісінің өтінішімен жазылған. Осыдан түсінуге болатын мәселе Әбілхайыр башқұрттармен достық қатынасты қалпына келтіруге аса ынталы болғаны. Төменде Амантай Исин аударып жариялаған сол хаттың дұрыс нұсқасы берілген: Величия и милости высокой, государства превыше, правящей землями ее величеству белой великой императрице обращаемся с обыденным намерением. Изю дня в день, из месяца в месяц, из года в год государство да пребывает в здравии и приумножается. Наше заявление Вашему величеству следующее. С народом Вашего величества уральским ештек-башкортами меж нами нет согласия. Теперь желая получить под покровом Вашего императорского величества защиту и спокойствие, посылаю, присоединив к лесной дороге уральскому ештеку подданному Вашему Алдарбаю, своего посла. Поскольку этот Алдарбай просил посла к Вашему императорскому величию, мы, Абулхайр хан, сорок санов казахов, Средней и Младший жузы со всеми подвластными мне караша склоняем голову. Ярлык: с Вашими слугами уральскими ештеками хотим достичь согласия. С Вашим ярлыком да будем в согласии. Посланый посол Сеиткул во главе с Кутлуметом с товарищи.

Осынау тарихи хаттың қысқаша мазмұны мен міндеті төменде Ярлык бойынша қарасақ, башқұрт халқымен арадағы бұзылған достық қатынасты қалпына келтіруге болатын... Бодандық туралы ештеңе айтылмаған. Бодан болуға ант беру де солай. Шындыққа он қайнаса сорпасы қосылмайтын жалған ақпарат. Жалпы Әбілқайырды қазақ елі керемет құрметтейтінін көрген Патша өкіметі, келешекте қазақ еліне оны ұмыттыру мақсатымен бір ғасырдан соң Левшинге кітап жаздырды. Сонда Левшин 1830 жылғы кітабында Әбілқайырды бірнеше рет ант берді деп жазған. Оның Орынбор басшыларымен барлық кездескендерін ант берді деп жазуының өзі осы мәселенің шикі екенін аңғартады. Сөйтіп, Патша өкіметі Әбілхайырды қазақ елінің бүгінгі ұрпағына жексұрын етіп көрсетуге қолы жетті... Әбілқайыр өмір бойы Ресейге қарсы күрескен себепті ата жауы болды. Оны талай рет өлтірмекші болды, ақыры оның өлімін Неплюев жақсылап ұйымдастырды. 1748 жылы Әбілхайыр өлтірілген соң оның балаларына өкен өзі бізге бодан болуға уәде берген деп сол тарихи хаттың өзін емес, орысша жалған аудармасын көрсетіп, қазақ жеріне кінә артқан. Әбілқайыр тұсында бодандық туралы айту мүмкін емес еді. Себебі, ол бодан болса орыстармен өлгенінше соғыспас еді.

Енді тарихи хат жаздыру туралы идея І Петрдікі болғанын көрсететін мәліметтерге тоқталайық. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей І Петр Парсы жорығы алдында Астраханға келгенінде Тевкеловке мынандай бұйрық берген сол құжатта: «стараться, ...несмотря на великие издержки, хотя бы до миллиона держать, но токмо, чтоб только одним листом под протекцию Российской империи быть обязались»... деп жазылған. І Петрдің бұл арманы өзі өлген соң 6 жылдан соң орындалғанын білеміз. Бірақ бұл хаттың мазмұны осы уақытқа дейін айтылып келгендей бодан болуға берілген хат емес еді. Башқұрт елімен бұрынғы достықты орнату үшін жазылған хат еді. Алайда осы уақытқа дейін біз оның орысша жалған аудармасын пайдаланып келіп нақақтан Әбілхайыр сынды тарихи тұлғаны айыптап келіппіз (Исин, 2001:2). Әрине, бұл басқа мақаланың үлесінде. Біздің бұл жерде айтпағымыз, осы бір қазақ халқына жасалған кезекті қиянаттың өзі де

I Петрден шыққанын еске сала кету біздің міндетіміз.

Әрине, қазақ еліне қиянат пен қастандықты үйіп төккен Ресей патшасы жалғыз I Петр емес, басқаларының жасаған жамандықтары да жетерлік. Алайда солардың бәрінен Ақтабан шұбырынды оқиғасы асып түседі. Біз енді қазақ-башқұрт қатынасы тарихындағы мына бір оқиғаны газет оқырмандарына ұсынғанды жөн көрдік: Барақ сұлтанды кейбір жазушылар Әбілхайырды Ресейге бодан болған үшін өлтірді деген қауесетті қолдап, оны нағыз патриот есебінде көрсетуге тырысты. Ал Ә.Кекілбаев Барақ сұлтанның 1735 жылы Ресей қол астында болуға ниет білдіріп хат жазғандығы, 1742 жылдан бастап ресми бодан болып Ресей бұйрықтарын орындағанын, яғни патша өкіметінің нағыз шынжыр балақ, шұбар төс қолшоқпары болғандығын көрсетіп, тарихымыздың ақтандақ беттерін жапты.

Барақ сұлтанның Ресей қолшоқпары болғандығы туралы өз заманында Ш.Ш. Уәлиханов мәліметтер жариялаған еді. Башқұрттармен достық қатынасты Әбілқайыр өмір бойы жалғастырды. 1736 жылы башқұрттардың кезекті көтерілісі бүрқ еткен кезде, патша өкіметі қазақтар мен башқұрттарды бір-біріне жауластырмақшы болып көп ақша бөлді. 1738 жылдың ақпан айында Татищев «Әрбір башқұрттың басын әкелген қазаққа 60 рубльден ақша беріледі. Кек алатын және байып қалатын жағдайыңыз бар» (Олкотт Б.) – деп қазақ еліне жар салды. Кейбір қылмыс істерді башқұрттан көріп жүрген қазақтар осыны пайдаланып кек алмақшы және ақша таппақшы болды, бірақ олардың бірде-бірін Әбілқайыр жібермеді, керісінше, ол бұрынғыдай башқұрт халқына көмектесті (Осы оқиғаны Левшин Әбілқайырды нақақтан қаралап башқұрттарды талқандауға қатысты деп жазды. Алайда Олкотт Браин Әбілқайырдың башқұрттарға көмектескенін айтып Левшиннің жазғандарын жоққа шығарды. Сол мақаланы қазақ тіліне аударып алғаш рет «Аруана» газетіне басып шығарды.

1740 жылы Орта жүз ханы Әбілмәмбет пен Абылай сұлтан Ресейге ант берген салтанатында олардың башқұрт көтерілісін басқарған Шона батырды ұстап береміз деп уәде бергеніне ашуланған Әбілқайыр балалары Нұралы мен Ералы кетіп қалады. Олардың ашуланатын себебі әкесі Әбілхайыр өмір бойы башқұрт елін қызғыштай қорғады. Әбілқайырдың мұнысын қазақ елінің игі жақсылары түгелдей қолдаған. Сол Шона батырды Әбілқайыр алдымен қауіпсіз болуы үшін Қабанбай батырдың қол астындағы Найманның Қаракерей ауылына жіберіп паналатады. Осы мәселе туралы Ш.Ш.Уәлиханов: «Поселившись в степи, он сделался опасен как для России, так и для Джунгарии: первая боялась, чтобы он снова не возмутил башкирского народа, вторая была напугана его самозванством: какой-то Шуна, погибший претендент на джунгарский престол, был так любим джунгарским народом, что последний готов был во имя его восстать против тогдашнего хана Галдан Серена» деп жазғаны тарихи шындық. Ал Ресей басшылары башқұрт көтерілісінің басшысын қолға түсіру үшін Барақ сұлтанды жалдайды (Себебі Барақ қол астындағы азғантай елмен 1742 жылдың күзінде Ресейге бодан болуға ант берген еді. Ал өтінішті Ресей патшасына 1735 жылы жазған болатын. Ант беру кезінде оған көрсетілген сый-құрмет Әбілмәмбет пен Абылайға көрсетілген құрметтен әлдеқайда асып түсті.). Әрине, Ресеймен одақтас жоңғар басшысы да осы істі Бараққа жүктейді...

Бараққа тез арада Шона батырды ұстау әлде өлтірудің сәті түспейді. Ол нөкерлерімен Қабанбай ауылын аңдуға кіріседі. Ал Қабанбай болса қауіп шындап төнген кезде Шона батырды Қарқаралыдағы Қазыбек бидің ауылына жөнелтеді... Бараққа деген Ресей мен жоңғар басшыларының қысымы күшейеді. Барақтың жоңғармен қатынасының күшті болғаны соншалық, бір баласын аманатқа беріп қойған еді. Ш.Ш.Уәлиханов осы оқиға туралы: «Когда Барақ султан послал к Галдан-Серену в замену прежнего аманата своего сына Шигая, то Галдан-Серен обещал ему отпустить его сына Шигая, если он поймает мнимого Шуну» деп жазған.

Қазақ елі қызғыштай қорғап жүрген Шона батырды күшпен ала алмайтынын түсінген Барақ, амалы таусылып басқа айла қарастырады. «Мен Шона батырға қарындасымды беремін, құдандалы боламыз! – деп кісі жібереді. Ол тіпті қарындасын көндіріп те қояды. Ұзатылатын күні мен ырым-жырымы келісіліп, Шона батыр қызды алып кетпекші болады. Барақ оны осылай тұтқындау үшін жендеттерін сайлап тағатсыз күтеді. Қазақ батырлары мен Қазыбек би Барақтың арам пиғылын бұрыннан біліп жүрген себепті Шонаны белгіленген күні жібермей қояды. Сөйтіп, Ресей қол астына қара басының қамы үшін кірген (1742), қолшоқпар және итаршы болып жүрген Барақ осылай

Ресей алдында қарыздар болып қалады. Шона батырды қазақ елінің құрметтегені соншалық, Барақ сияқты итаршылардың қолына түспей-ақ жасы жетіп қартайғанша өмір сүріп, қазақ арасында дүниеден өтеді. Мұның бәрі Орта жүз батырлары мен билерінің башқұрт халқына Әбілқайыр сияқты әскери жәрдем бермесе де, осындай туысқандық көмек көрсеткенін айғақтайды. Қорыта айтқанда, қазақ елінің басшылары Әбілқайыр саясатын, яғни оның Ресейге қарсы күресін әрқашанда қолдағанын көрсетеді (Ақтөбе обл. қоғамдық-саяси газеті, 2009). Мысалы, Шоқан Уәлиханов жинаған және бір құжатта қазақтар мен башқұрттардың қайтадан мәмілеге келіп достасып кетуінен қауіптенген Ресей үкіметі Жоғарғы Ертіс бекінісінің секунд-майоры Нелюбовка «...чтобы киргиз кайсаки, с башкирами не помирились...» деген қатаң ескертпесі сақталған (Валиханов, 1964:267-268).

Бірыңғай күштеу шаралары арқылы бағындыру мүмкін еместігіне көзі жеткен үкімет кейбір жеңілдіктер жасауға мәжбүр болды. 1786 жылы Уфа губерниясы құрылып, башқұрттар отырықшылыққа көше бастады, мешіт-медреселер салуға рұқсат етілді. Дегенмен патша өкіметі отырықшы башқұрттардың арасына орыс шаруаларын орналастырып, жыл сайын олардың санын көбейте түсті. Уфа, Орынбор сияқты қалалар ірі сауда орталықтарына айналып, оларға көршілес Қазақ даласы, Орталық Азия елдерінен сауда керуендері жиі келіп тұрды. Бекіністерде жергілікті халықтар арасынан үкіметке қажетті ұсақ шенеуніктер дайындау үшін орыс мектептері ашылды. Бұл мектептер мен медреселерде башқұрт және басқа да халықтардың көптеген зиялы азаматтары білім алды.

Башқұртстан мәдениеті дәстүрлі ұлттық мәдениет арнасында қалыптасты. Ежелден іргесі ажырамаған тұрмысында, тілінде, салт-санасында ұқсастықтар көп қазақ пен башқұрт туысқан халықтар болғандықтан, Алтын Орда, Ноғай Ордасы кезеңдерінен қалған батырлар мен билер туралы көптеген жыр-дастандар екі халыққа да ортақ. Ауыз әдебиетінде ерекше жетілген жанр - қобайыр (қазақтың толғауына жақын). «Ақбоз ат», «Қозы Көрпеш - Баян сұлу», «Кусак бей», «Кунгур бұқа» секілді эпикалық жырлар башқұрт тарихының әр түрлі кезеңдерін бейнелейді. Терме жанры да жақсы дамыған. «Салауат», «Орал» сияқты тарихи жырлары, башқұрт әдебиетінің көптеген нұсқалары ауызша айтылып, қолжазба түрінде тараған. Башқұрт әдебиетінің тарихын С.Юлаев (1752-1800), Т. Ялысул (1787-1838), Ә. Қарғалы (1784-1825), Г. Салихов (1794-1867), Ш. Зәки (1825-1865) секілді ақындар қаласа, кейіннен М. Ғафури (1880-1934), ұлты қазақ М.Камалетдинұлы (Ақмолла) (1831-1895), Құдаш, тағы басқа дамытты. Қазақ, татар поэзиясында елеулі із қалдырған Ақмолла ақын башқұрт әдебиетіндегі ірі тұлға. Мифтахетдин Ақмолла XIX ғасырдағы башқұрт поэзиясының ірі өкілі, ұлттық әдебиеттің әрі қарай дамуына ықпал еткен ақын. Ақмолланы көп ұлттар башқұрттар, татарлар, қазақтар өзінің ағартушысы әрі түркі-мұсылман халықтарының тарихындағы ислам мәдениетінің ірі тұлғасы ретінде таниды. Ол ежелгі түрік тілін тек жетік деңгейде ғана біліп қана қоймаған, сондай-ақ шығыс поэзиясының терең мағыналы, оқуға жеңіл шебер тілді жаңа түрлері мен үлгілерін жасап шығарды. Ақмолла Салават Юлаевтан кейін халқының ауыр жағдайына көкірегі қан жұтып «Менің башқұрттарым!» деп жар салған ұлтының екінші перзенті. Ақмолла өзінің әлеуметтік жағдайымен, қызметінің шеңберімен және талантының ұлылығымен ерекше тұрған тұлға. Башқұрт және қазақ халқына жақын, халықпен біртұтас болып біріккен дәл Ақмолладай басқа ешкімді де жоқ шығар. Ол нағыз халық шешені — ақын-импровизатор, дана, жетекші. Оны басқа атақты шешендермен қатар қоюға болмайды, себебі Ақмолла оқыған адам, көп ғылымдармен таныс болған, араб, парсы тілдерін білген, өзінің тиянақты аяқталған концепциясы бар, қоғамдық өмірдің көп жақтарына нығыз көзқарастары қалыптасқан философ. Міне, осы аталғандардың бәрі оны XIX ғ. түркі-мұсылман халықтарының рухани тарихындағы ғұлама ойшылы тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді (Ахметвалиева, 2011:256).

Ақмолла аңызға толы еңбекқор ақынның, күрескер ақынның өмірін кешті. Оның өмірлік және творчестволық жолы — бұл өз халқына, прогресстік қоғамға деген шексіз қызмет етудің тамаша үлгісі. Халқы сүйіп Ақмолла (таза, ұлағатты ұстаз деген мағынада) деп атап кеткен Мифтахетдин Камалетдинұлы 26 желтоқсанда 1831 жылы бұрынғы Оренбург губерниясының Белебеевск уезінің, Күлильменек болысында, Тоқсанбай ауылында (қазіргі Башқұртстан Республикасының Миякин ауданының, Тоқсанбай ауылында) Камалетдин Ишқожа молланың отбасында дүниеге келген. Башқұртстанның

оңтүстік - батысындағы Ақеділге барып құятын Дем өзенінің табиғаты сұлу, осы өлкеден талай ақындар мен жазушылар шыққан: С. Аксаков, Мұса Джалил, Сайфи Құдаша және Мұстай Карим (Шаймерденова, 2016:123)

XIX ғасыр – Башқұртстан мен Қазақстан тарихындағы, башқұрт және қазақ халықтарының тағдырындағы ең бір ауыр кезең еді. Бұл ең алдымен саяси –елдік тәуелсіздігінен айырылған башқұрттарды, қазақтарды экономикалық тұрғыдан одан әрі қарай отарлау ғана емес, сондай-ақ рухани мәдени тұрғыдан отарлау, башқұрт және қазақ қоғамының алдыңғы қатарлы қоғамдық ой иелерін, еркіндік идеяларын, ұлттық теңдік пен әлеуметтік гармонияны өз бойында сақтап қалған тұлғаларды басу дәуірі еді. Бұл ғасыр Башқұртстан мен Қазақстанның рухани атмосферасына тән сопылықтың ықпалымен байланысты. (Шаймерденова, 2016:234).

XIX ғ. аяғында - XX ғ. басында Ресей империясының түрік-мұсылман халық ағартушылығында маңызды және шешуші кезең «жәдидшілдіктің» ықпалымен жаңа оқу әдіснамасы басталды. «Жәдидшілдік» термині «ысул-және жәдид» («жаңа әдіс») ұғымымен, татарларда (алдымен қырым татарларында) ағартушылықтың барысында «жаңа әдіс» жүйесінің қалыптасуымен байланысты еді.

Қазіргі зерттеушілер жәдидшілдікті мұсылмандықтың ерекше құбылысы, XIX –XX ғғ. тоғысындағы діни-ағартушылықтағы реформаторлық ағымы ретінде қарастырады. Оның негізінде мұсылман мектептерінде азаматтық пәндерді және оқуда жаңа әдістерді енгізу жатыр. Жәдидшілдер сондай-ақ мектептерде ұлттық тілде оқыту, исламды реформалау және оны аймақты буржуазиялық дамуға бейімдеу, білімге дін басыларының ықпалын шектеу, ұлттық өнер мен әдебиетті дамыту, әйел теңдігі мәселелерін көтерді. 1905-1907 бірінші орыс революция жылдарында жәдидшілдер елдің саяси реформасын талап етті. Атап өтетін жәйт жәдидшілдердің ағартушылық және реформаторлық ұмтылыстары тек қана мектеп білімін өзгерту ғана болған жоқ, олар ұлттық рухани мәдениетті де қамтыды. Жәдидшілдер уақыт сұранысына жауап табып, конфессионалды мектептерді реформалауды талап етті. Білім беру жүйесіндегі діни пәндерден басқа ғылыми пәндерді беретін медресе жанындағы мектептерден ірі қазақ мәдениетінің қайраткерлері А. Құнанбаев, С. Торайғыров, М. Жұмабаев, Б. Майлин және т.б. шықты. Жәдидшілдердің алдыңғы қатарында модернистер болды. Олардың көшбасшылары қозғалысты батыс өркениетіне қарсы интеллектуальді мұсылмандардың жауабы деп түсіндірді, яғни ислам және ұлттық рухты қорғаушысы ретінде қарастырды. А. Бенигсен жәдидшілдікті ислам өркениетінің «жақұты» деп бағалады. Жәдидшілдіктің басты себебі ол патша үкіметінің түрік халықтарын орыстандару және шоқындыру саясатына қарсы күрестен шықты.

Түрік бірлігі мен ислам бірлігі идеялары қазақ далаларында да кең тараған. XIX ғасырдың 20-шы жылдарынан 1917 жылдарына дейінгі кезеңде Қазан университетінде 30-ға жуық қазақ баласы, Санкт-Петербург университетінде 20-ға жуық қазақ жастары білім алды. Бұлардың арасында Б. Қаратаев, Б. Құлманов, Б. Сыртанов, А. Тұрлыбаев, Ж. Досмұхамедов, М. Шоқай, А. Бөкейханов, Х. Досмұхамедов, М. Тынышпаев және т.б. бар. Қазақ балалары Қазан қаласындағы «Мухаммедия», Уфадағы «Ғалия», Орынбордағы «Хусайния» медреселерінде де білім алған. Уфадағы аталмыш медреседе 1907-1917 жылдар аралығында білім алған 950 шәкірттің 154-і қазақ болған. Кезінде бұл медресені атақты қазақ жазушылары Мағжан Жұмабаев, Жиенғали Тлепбергенов, Бейімбет Майлин бітірген. «Ғалия» медресесінің шәкірттері қазақ әдеби тілін дамыту мақсатында 1915 жылдан бастап «Садақ» атты апталық қолжазба журнал шығарған. Оның редакторы Б.Майлин, кейіннен Ж.Тлепбергенов болды (Султанғалиева, 2001:38).

Кенес Одағы ыдырағаннан бергі кезеңде жарық көрген еңбектерде түркі-мұсылман халықтарының азаттық күрес тарихына, Башқұрт автономиясы мен Алашорда, Түркістан сияқты ұлттық автономиялық үкіметтердің құрылуы мен қызметіне объективті тұрғыда ғылыми бағалар беріліп, оның түркі халықтарының мемлекеттілігі тарихында ерекше маңызға ие екендігі нақтылана түсті. Соған орай, Алашорда үкіметі мен Башқұрт ұлт-азаттық қозғалысы тарихына қатысты зерттеулер жүргізудің ауқымы да кеңейді. Бұған соңғы жылдары Алаш қозғалысы қайраткерлерінің өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне және Алашорда үкіметіне жекелеген өңірлердің қатысы мәселесіне арналған зерттеулердің жүргізілуі дәлел бола алады. Дегенмен, Алашорда үкіметіне қатысты әлі де қарастырылмай келе жатқан мәселелер баршылық. Ондай мәселелер қатарына Алашорда үкіметінің түркі-мұсылман халықтарының ұлттық саяси элитасы өкілдерімен байланысын жатқызуға болады.

Алашорда үкіметімен әзірбайжан, татар, қырғыз, өзбек, башқұрт секілді бірқатар түркі-мұсылман халықтарының ұлттық саяси элитасы өкілдері байланыс орнатуға күш салды. Тіпті, қырғыз ұлттық саяси элитасы өкілдері «Алаш» партиясы атынан Бүкілресейлік құрылтай жиналысына сайлауға түсті және екінші жалпықазақ съезіне қатысып, Алашорда үкіметі бағдарламасы аясына тартылуға әзір екендіктерін де танытқан болатын. Сол тарихи кезеңде башқұрт саяси элитасының өкілдері Алашорда үкіметімен бірлесе отырып ұлттық мүддені қорғауды көздеді.

Башқұрт ұлттық саяси элитасы өкілдері 1917 жылы мамырда 830 делегаттың қатысуымен Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылман съезінде Ресейдің болашақ мемлекеттік құрылысы мәселесі талқыланған кезде ұлттық-территориялық автономия идеясын қуаттап, Башқұртстанның Қазақстанмен және Түркістанмен бірлесе территориялық автономия құруын жақтайтындықтарын танытты (Протоколы Всероссийского мұсылманского съезда, 1917:318). Бұл жәйтті башқұрт халқының көрнекті қайраткері Зәки Уәлиди Тоған өз естелігінде атап та көрсеткен (Заки Валиди Тоған, 1994:183).

1917 жылы 20-21 шілде күндері 70 делегаттың қатысуымен Орынбор қаласында өткен бірінші жалпыбашқұрт съезінде де башқұрт ұлттық саяси элитасы өкілдері ұлттық-территориялық автономияны жақтап, бұны өзге түркі-мұсылман халықтарымен бірлесе жүзеге асыру қажет деген шешімге келген еді (Юлдашбаев, 1992:64).

Бірінші жалпыбашқұрт съезімен бірге сол сәтте Орынбор қаласында бірінші жалпықазақ съезі де өткен-ді. Соған орай екі жақтың бірін-бірі қуаттап отыруына, өзара құттықтаулармен жолдауына мүмкіншілік жеңіл болды. Екі съезде де қабылданған бірқатар қарарлар өзара үндесіп жатты. Дегенмен екі съезде қабылданған шешімдерде өзгешелік те болатын. Мәселен, бірінші жалпықазақ съезінде қазақ халқының саяси партиясының құрылуы қажет деп саналып, бұл партияның жобасын жасау Бүкілресейлік мұсылман кеңесіне сайланған қазақ өкілдеріне жүктелсін деген шешім қабылданса, ал бірінші жалпыбашқұрт съезінде башқұрттардың ұлттық қозғалысына жетекшілік ететін, Шууро (Кенес) құру туралы қаулы шығарылып, Шууруның құрамы бекітілді.

Құрамына Шариф Манатов, Гариф Мугин, Сағит Мрясов, Ильдархан Мугин, Усман Куватов, Харис Юмагулов, Зәки Уәлиди Тоған секілді башқұрт ұлттық саяси элитасы өкілдері енген Шууро башқұрт халқының мүддесін өзге халықтармен бірлікте қорғау қажет деп санап, бұл бағытта бірқатар іс-шараларды жүзеге асыруға талпынды. Осындай талпыныс барысында Әзірбайжанмен және Украинамен байланыс орнатылды (Заки, 1994:198).

Шууро территориялық автономия жариялауға ашық ниет танытқан халықтармен байланысты қарқынды жүргізді. Ал мемлекеттік құрылыс мәселесінде мәдени автономия идеясын жақтаушылармен Шууруның байланысы қайшылықты жағдайда өрбіді. Бұл ретте Шууруның мәдени автономияны қолдаған татар ұлттық саяси элитасы өкілдерімен байланысын атап өтуге болады. Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылман съезінде татар қайраткерлері мұсылман халықтарының мәдени автономия алуы ұлттық мүддені қорғауда тиімді екенін негіздеуге күш салған еді. Олардың пайымдауынша, мәдени автономия жағдайында мұсылман халықтары бір-бірінен бөлектенбей, бір мемлекет аясында бірлесе ұлттық мүддені қорғауға мүмкіндік туатын, сондай-ақ әр жерде шоғырланған (Астрахандағы, Қазандағы, Қырымдағы, Сібірдегі, Балтық бойындағы) татарлар территориялық автономия жағдайында бір-бірінен ажырап қалатын (Умумий Русие мәселелері съезінің қаралары, 1917:7)

Мәдени автономия идеяны С. Мақсуди, Гаяз Исхани секілді бірқатар татар халқының саяси элитасы өкілдерімен бірге Солтүстік Кавказ мұсылмандарының өкілі саналатын Бүкілресейлік мұсылман кеңесінің төрағасы А. Салихов (Цаликов) та қолдады. Олар өздерінің мұндай ұстанымын 1917 жылы 21 шілдеде Әзірбайжаннан, Түркістан өлкесі мен Қырымнан келген делегаттардың қатысуымен Қазан қаласында өткен екінші Бүкілресейлік мұсылман съезінде дәлелдеуге тырысып бақты (Программные документы, 1985:41).

Екінші Бүкілресейлік мұсылман съезімен қатар сол кезде Қазан қаласында мұсылман дін иелері мен мұсылман әскерілерінің съезі өткен еді. Осы үш съезге қатысушылар 22 шілде күні бас қосқан жиналыс өткізіп, Бүкілресейлік құрылтай жиналысына қарамастан ішкі Ресей және Сібір мұсылмандарының мәдени автономиясын жариялады (ҚРОММ, 186:1). «Түркі-татарлардың ішкі Ресей мен Сібірдегі ұлттық-мәдени

автономиясы» деп аталған бұл құрылымның астанасы ретінде Башқортстанның орталығы – Уфа қаласы белгіленді (Айда Адиле, 1996:104). Мұны башқұрт ұлттық саяси элитасы өкілдері С. Максуди жетекшілік еткен татар мәдени автономиясының шектен шығушылық әрекеті деп бағалады. Бұл өз кезегінде башқұрттар мен татарлардың саяси байланыстарын шиеленістіре түсті.

Зәки Уәлиди Тоған татарлардың мәдени автономияны қолдауын С.Максудидің кадеттер партиясының мүшесінің болуымен байланыстырды. Ол кадеттер партиясының бағдарламасында ұлттық-территориялық автономия мәселесі көтерілмейтіндігін, бұл партияның бағдарламасы түркі-мұсылман халықтарының мүддесімен үйлеспейтіндігін алға тартты. Сонымен қатар, ол бірінші жалпықазақ съезінің «қазақ облыстары ұлт жігіне қарай облыстық автономия алуға тиіс» деген шешімінде ұлттық-территориялық автономия идеясымен үйлесімділік болғанымен онда нақтылық жоқ, өйткені оған қазақтардың көшбасшысы Ә. Бөкейхановтың кадеттер партиясының мүшесі болуы ықпал етті деп те бағалады (Заки Валиди, 1994:197).

1917 жылы 25-29 тамыз аралығында Уфада екінші жалпыбашқұрт съезі өтті. Бұл съездің осында өткізілуінің астарында «Түркі-татарлардың ішкі Ресей мен Сібірдегі ұлттық-мәдени автономиясының» орталығы Уфа қаласы бола алмайтындығын таныту да жатты. Съезге қатысушылар Ресейдің унитарлық мемлекет болуын жақтаған татар қайраткерлерінің әрекеттерін сынға алып, Ресейдің федеративті мемлекет болуын, елдегі ұлттардың территориялық автономия алуын жақтайтын күштермен бірлесе әрекет етуін жалғастыра беретіндіктерін танытты. Уақытша үкіметті қару күшімен құлатқан большевиктердің әрекеті башқұрттардың ұлттық Шурасы тарапынан айыпталып, башқұрттардың кеңестік биіктікті мойындамайтыны мәлімделіп, 2 қараша күні Башқұрт автономиясы жария етілді.

Башқұрт автономиясын заңдастыру мақсатында Орынбор қаласында жалпыбашқұрт құрылтайы шақырылды. 194 делегаттың қатысуымен 8 желтоқсан күні өткен бұл құрылтайға қазақтардан да өкілдер келді. Сол кезде Орынбор қаласында Алашорда үкіметін жария еткен екінші жалпықазақ съезі өз жұмысын аяқтаған еді. Осы екінші жалпықазақ съезінің делегаттары атынан С. Қадырбаев пен М. Шоқай жалпыбашқұрт құрылтайына бақылаушы ретінде қатысты (Заки Валиди, 1994:218).

Жалпыбашқұрт құрылтайы Жетір, Қыпшақ, Усерган, Бурзян-Тангаур, Тамян, Барынтабын, Кувакан, Ичкин-Катай, Ток-Чуран деп аталатын 9 кантоннан тұратын Башқұрт автономиясының заң шығарушы және атқарушы органдарын құрып, оның мүшелерін белгіледі. Зәки Уәлиди Тоғанның ұсынуымен Башқұрт үкіметінің төрағасы болып заңгер Ю. Бикбов сайланды.

Башқұрт үкіметі Орынбор қаласына орналасып, ондағы кеңестік билікке қарсы күштермен байланыс жасап, генерал А.И. Дутовтың қолдауына да ие болды. Алайда, көп ұзамай қызыл әскерлердің қысымымен Дутов Орынбор қаласын тастап кетуге мәжбүр болды. Осылайша 1918 жылы ақпанда Орынбор қаласындағы билік кеңестер қолына өтті. Қалыптасқан мұндай ахуалға қарамастан, Башқұрт үкіметі Орынборда қалып, автономиялық мемлекеттілікті жүзеге асыру жолындағы жұмыстарын онан әрі жалғастыра берді және кеңестік биліктен Башқұрт автономиясын мойындауды талап етті. Орынбор губерниялық революциялық комитетінің төрағасы Цвиллинг болса Башқұрт үкіметінен кеңес өкіметіне қарсы келмеуді, большевиктер саясатын қолдауды талап етіп жатты.

Кеңестік билік пен Башқұрт үкіметі арасындағы текетірес жалғаса берді. Орынбор губревкомы Башқұрт үкіметін айтқанына көндіру мақсатында қуғын-сүргін әрекеттеріне де барды. Кеңес өкіметі Башқұрт үкіметінің бірқатар мүшелерін контрреволюционерлер ретінде тұтқынға алып, башқұрт әскери жасағын құруды ұйымдастырушы Г. Идельбаев пен Г. Магазовты атып тастады. Мұндай жағдайда башқұрттар арасында кеңестік билікке деген наразылық өрши түсті. Башқұрттар кеңестік билікпен ашық қақтығысқа дейін барды. Халықты өзіне қарсы қойып алудан сезіктенген Орынбор губревкомы тұтқынға алынған Башқұрт үкіметі мүшелерін босатып жіберуге мәжбүр болды. Осындай оқиғалардан кейін Башқұрт үкіметі Орынбордан кетіп, Челябинск қаласына келіп орналасты. Башқұрт үкіметі қонысын ауыстырған бойда кантондардағы билігін қайта қалпына келтіріп, Уақытша Сібір үкіметімен және Самарадағы Комучпен байланыс орнатып, ұлттық әскери жасақ ұйымдастыру шараларын жүргізді. 1918 жылдың ортасына қарай Башқұрт үкіметі қарамағында 2670 адамы бар 13 отряд болды.

Башқұрт үкіметі ұлттық әскери жасақ құрумен қатар Самарадағы Комучпен, Алашорда үкіметімен және Жайық казактарымен бірлесіп қарсыластары жөнінде мәлімет жинайтын құпия қызмет жүйесін құрды. Баку қаласына құпия тапсырмамен Башқұрт үкіметі атынан Г. Үмбатаев жіберілді. Башқұрт үкіметінің агенттері кеңестік билік тарапынан талқандалған Қоқан автономиясының бірқатар мүшелерімен байланыс жасап, кеңестік билікпен бірлесе күресу жолдарын қарастырды. Кеңестік билікпен күресте Башқұрт үкіметі өз әскерінің қолбасшысы генерал Гришин-Алмазовтың нұсқауларын басшылыққа алып отыратындығына келісім беріп, Сібір үкіметі тарапынан қаржылай көмек алуға қол Алашорда үкіметімен өз әрекеттерін бір ізге түсіру мақсатында Семей қаласына Башқұрт үкіметінің мүшесі Сейітгерей Магазов жіберілді.

С. Магазов Семейде Алашорда үкіметінің төрағасы Ә. Бөкейхановпен және Түркістан (Қоқан) автономиясының бұрынғы премьер-министрі М. Тынышбаевпен кездесіп, Башқұрт үкіметі мен Алашорда үкіметінің қалыптасып отырған саяси ахуал жағдайдағы ұстанымдары қандай болуы керектігі жайлы мәселені қарастырды. Күн тәртібіне қарастыруға қойылған мәселелердің қатарында Германия мен Жапонияға қатынас мәселесі де болды. Башқұрт үкіметі мен Алашорда үкіметі егер де Германия казактармен байланыс орната қалғандай болса, онда Германиядан қол үзіп, Жапонияның Сібірдегі өкілдерімен байланыс жасауға, сонымен қатар ұлттық қозғалыстың Ресейдегі күрес ауқымынан шығып кетпеуіне көңіл бөлінетін болды (Заки Валиди, 1994:249).

1918 жылы маусымда атаман Дутовтың Орынбор қаласын азат етуіне орай Башқұрт үкіметі Орынборға қайта көшті. Сол кезде Алашорда үкіметінің өкілі болып табылатын С. Қадырбаев та Орынбор қаласына келіп орналасты. Орынборда Башқұрт үкіметі төрағасының орынбасары міндетін өз қолына алған Зәки Уәлиди Тоған Алашорда үкіметінің өкілі С. Қадырбаевпен башқұрт және қазақ әскерлерін бірлестіріп, біртұтас қарулы күш етіп құру мәселесін қарастырып, қазақ-башқұрт әскери бөлімдерін азық-түлікпен, қару-жарақпен қамтамасыз ету жайын бірлесіп шешіп отырды (БРОТМ, 7:11).

Зәки Уәлиди Тоған мен С. Қадырбаев Самарадағы Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитеті мен Уфа директориясына башқұрттар мен казактардың ұлттық-территориялық автономиясы жайлы талап-тілектерін білдіріп, оны қорғау жолында әрекеттер жасады.

1918 жылы тамыз бен қыркүйек айларында Самарадағы Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитеті Мемлекеттік кеңес өткізіп, оған түркістандық, қазақстандық және Еділ-Орал өңіріндегі татарлар мен башқұрттардың өкілдерін де шақырды. Мемлекеттік кеңес жұмысы кезінде Башқұрт үкіметі мен Алашорда үкіметі мүшелері бірегей ұстанымда болып, ұлттық-территориялық автономия идеясын жақтайтындықтарын танытты. Осы кеңеске қатысқандардың қатарында Алашорда үкіметінің төрағасы Ә. Бөкейханов пен Башқұрт үкіметінің төрағасы Зәки Уәлиди Тоған да бар еді.

Самарада өткен Мемлекеттік мәжіліске қатысқан түркістандық өкілдермен бірге Алашорда үкіметі мен Башқұрт үкіметінің мүшелері «Оңтүстік-шығыс мұсылман облыстарының федерациясын» құру жайын да қарастырды. Бұл мәселені талқылауға көрнекті татар қайраткері Ж. Ақшора да қатысқан еді. Ол Башқұртстан, Қазақстан және Түркістанды қосу арқылы жасалатын мемлекеттік құрылымды «Шығыс түріктерінің федерациясы» деп атауды ұсынды. Бірақ Ә. Бөкейханов бұл ұсынысқа түзету енгізіп, «келешекте осылай атау дұрыс болар, ал әзірше орыстардың «пантүркизм» деген жаласынан сақтану үшін «Шығыс Ресейдің мұсылман федерациясы» деп аталғаны жөн дейді. Өкінішке орай, аталмыш идеяны сол тарихи кезеңде жүзеге асыру мүмкін болмай қалды.

1918 жылы 18 қарашада адмирал Колчактың Уфа директориясының мүшелерін тұтқынға алып, Самарадағы Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитетін мойындамайтынын жариялады, ұлттық автономия идеясын қолдамайтынын білдірді. Кеңестік билікпен күрестегі күштер Колчактың бұл әрекетін «мемлекеттік төңкеріс» деп бағалады. Соған орай, эсерлер партиясы Колчакқа қарсы күш біріктіру керек деп шешіп, оған түркі-мұсылман халықтарының өкілдерін де тартуды көздеді. Эсерлер партиясының жетекшілері Орынбор мен Жайық казактарының демократиялық қанатының өкілдерін және самарадағы Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитетінен өкілдер шақырып, Башқұртстандағы Қызылмешітте арнайы жиналыс ұйымдастырды. Бұл жиналысқа түркістандықтар атынан М. Шоқай мен В.Чайкин, Алашорда үкіметінен Зәки Валиди Тоған қатысты. Бірақ та бұл жиналыста Колчакқа қарсы күш біріктіре

қимылдаудың жоспары жасалынып үлгермеді. Өйткені, бұл жиналыс жайлы Колчак армиясына мәлімет түсіп, жиналысқа қатысушыларды тұтқынға алу үшін арнайы әскер жіберілуіне орай жиналыс жұмысын тоқтатуға мәжбүр болған еді.

Осы оқиғадан кейін 1918 жылы 5 желтоқсанда эсерлер партиясының орталық комитеті «большевиктерге қарсы күресті тоқтатылсын, демократияның барлық күші Колчак диктатурасына қарсы жұмылдырылсын» деген қаулы қабылдады. Колчактың режимі Башқұрт үкіметіне де ұнай қоймады. 1918 жылы 21 қарашада Башқұрт үкіметінің мәжілісінде Башқұрт автономиясын кеңестер мойындайтын болса, онда онымен келіссөз жүргізу мәселесі қаралып, Башқұрт үкіметінің әскерлері қызыл әскерлерге қарсы әскери қимылдарын тоқтатысын деген шешім қабылдады. Башқұрт үкіметінің кеңестік билік платформасын қабыл алатындығы жөніндегі шешімін Алашорда үкіметінің батыс бөліміне Зәки Уәлиди Тоған хат жолдау арқылы білдірді. Ол бұл хатында большевиктермен жақындасу шарасыздықтан, Колчактың башқұрт қозғалысына дұшпандықпен қарауынан туындағанын атап көрсетті (Типеев, 1929:41).

1919 жылы 22 ақпанда Башқұрт үкіметі арнайы бұйрық шығарып Башқұртстан жеріндегі билік Башқұрт революциялық комитетінің қолына көшетіні жөнінде бұйрық шығарды. Келесі күні Башревкомның мәжілісі өтіп, халық комиссариаттарына сайлау өткізілді. Башревкомның төрағасы болып Зәки Уәлиди Тоған сайланды.

Осылайша елдегі жерде Қызыл армияға қарсы күрескен башқұрт ұлттық саяси элитасы өкілдеріне кеңестік билік үшін, «Башқұрт кеңестік республикасы» үшін күресуге тура келді. Бірақ та бұл ендігі жерде башқұрт және қазақ ұлттық саяси элитасы өкілдерінің ұлттық мүддені бірлесе қорғау жолындағы әрекеті доғарылды дегенді білдірмейтін.

Кеңестік билік жағдайында да башқұрттар мен қазақтардың саяси элитасы өкілдері ұлттық мүддені қорғауда ұйымшылдық таныта білді. Бұл әсіресе Калинин мен Рыков жетекшілік еткен «Қазақ-башқұрт комиссиясының» жұмысы кезінде айқын аңғарылды. Бұл комиссия өз жұмысы барысында орыс халқының мүддесін көздеп, Қазақстан мен Башқұртстан аумағында орыс губернияларын – «Орынбор орыс губерниясы» мен «Орал орыс губерниясын» құруды мақсат тұтқан еді. «Орал орыс губерниясы» құрылған жағдайда Ішкі Орда (Бөкей Ордасы) аумағы Қазақстаннан жырақ қалатын, «Орынбор орыс губерниясы» құрылған жағдайда Еділ-Орал өңірлеріндегі башқұрттар мен татарлар Орталық Азиядағы түркі-мұсылман халықтарының көршілесі болудан айырылатын. Міне, осындай жағдайда Башқұрт ревкомының төрағасы Зәки Уәлиди Тоған қазақтардың А. Байтұрсынов секілді қайраткерлерімен байланыс орнатып, «Қазақ-башқұрт комиссиясының» жымысқы әрекетіне қарсылық танытып, 1919 жылы 13 желтоқсанда В.И. Лениннің атына мынандай мазмұндағы хат жолдады: «Қазақ-башқұрт өлкесінде кеңестік ұлттық-территориялық автономия» құруда мыналар ескерілсін:

1) Қазақ-башқұрт билік орындары мен орыс билік орындары арасындағы жанжалдар доғарылсын, бірақ та бұл жанжалды доғару келімсек орыс кулақтары болып табылатын тұрғындар пайдасына шешілмесін.

2) а) Қазақ және башқұрт республикалары біріктірілсін, ә) қазіргі Орынбор губерниясы Орынбор қаласымен бірге Қазақ-Башқұрт Республикасы құрамында болсын, б) Орынбор қаласы қазақтар мен башқұрттардың саяси, мәдени-экономикалық орталығы болсын, в) Орынбор қаласы мен Орынбор губерниясы Қазақ-Башқұрт Республикасы құрамына енгізілісімен облыстарға бөлініп, онда казактар мен орыстардың қоныстана беруіне мүмкіндік жасалсын.

3) Қазақ-башқұрт үкіметі жанында орталықтан тағайындалған екі өкіл болсын, оларға орыстар мен түземдіктер арасында туындаған жанжалды ушықтырмай жергілікті жерде шешу міндеті жүктелсін.

4) Саяси жұмыстар жүргізуді биік деңгейге жеткізу үшін оны түземдіктер арасындағы саяси жұмыс деп екіге бөле жүргізу қажет» (РМӘСТМ, 938:1).

Осы хаттың мазмұнынан башқұрттар мен қазақтардың ұлттық саяси элитасы өкілдерінің ұлттық мүддені бірлікте қорғауға деген талпынысын айқын аңғаруға болады. 1919 жылы қазақ, башқұрт және өзбек халықтарының саяси элитасы өкілдері кеңестік билік жағдайында ұлттық мүддені қорғауды жүзеге асыратын саяси ұйым құру жолында да әрекеттенді. Бұл істе Зәки Уәлиди Тоған белсенділік танытты (БРОТМ, 107:37). Кейіннен бұл партия «Түркістан социалистік «Ерік» партиясы» деген атпен бой көтерді.

Жалпы қорыта айтқанда, алаш қозғалысы мен башқұрт ұлттық саяси элитасы өкілдері

арасындағы байланыстың негізінде екі халықтың жарқын болашағына қол жеткізу деген ниет жатты.

Қорытынды. Сонымен, қазақ халқы мен башқұрт халқының ғасырлар бойы саяси, әлеуметтік, рухани мәдени дамуын сараптай келе, келесідей қорытындылар жасауға болады:

Башқұрт халқының тарихы мен рухани дүниесі және мәдениеті қазақ халқымен тығыз байланысты. Оған дәлел бауырлас халықтың азаттық жолында үндесуі, тілі, діні мен ділі, тұрмыс-тіршілігі мен рухани мәдени мұрасының ұқсастығы. Зәки Уәлиди Тоған және қазақ ұлт-азаттық қозғалысын бір-бірінен ажыратып қарастыру мүмкін емес. Осы мақалада соның бір қыры – ол қазақ және башқұрт қайраткерлік күресі және сол қозғалыстағы Зәки Уәлиди тұлғасы, саяси қайраткерлігі, қазақ-алаш қайраткерлерімен қызметтестігі де қарастырылған. Сонымен қатар қазақ халқы да өзінің ақыны ретінде қабылдайтын Ақмолла шығармашылығы да осы ойдың жалғасы болып табылады. Түркі әлемімен бірлескен қазақ- башқұрт қатынастарының тарихы терең, себебі ХҮІІІ ғасырдан басталып, ХХ ғасыр басындағы түркі халықтарының азаттық қозғалысы бір арнамен өрбіді және артында мол саяси, интеллектуалдық мұра қалдырды.

Әдебиет

- Абуев Қ.Қ. Абылай хан замандастары және ұрпақтары. Көкшетау. 2016
 Айда Адиле Садри Максуди Арсал, 1996. 104 с.
 Ақтөбе облыстық қоғамдық-саяси газеті. 20 тамыз//<https://aqtobegazeti.kz/?p=3027>. 2009.
 Ахметвалиева С. // Ақмолла-просветитель и мыслитель XIX века, 23 авг. 2011.
 Башқортостан Республикасының орталық тарих мұрағаты (БРОТМ) 78-к., 1-т., 7-іс, 11-п. БРОТМ. 4917-к., 107-іс, 37-п
 Валидов Р. Истоки духовности. Уфа. 2006. 430.
 Валиханов Ч.Ч. Избранные труды. Том 3. Алматы. 1964. 663 с.
 Заки Валиди Тоған. Воспоминания. Борьба народов Туркестана и других восточных мусульман-тюрков за национальное бытие и сохранение культуры / Перевод с турецкого. Уфа: Китап. 1994.
 Исин А. Әбілхайырдың хатын қалай оқыған дұрыс // Абай журналы №2, 2001.
 Қазақстан тарихы порталы. // e-history.kz, 9 қыркүйек. <https://e-history.kz/kz/projects/show/23015/>. 2013.
 Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚРОММ) 544-к, 1-т., 186-іс, 1-п.
 Программные документы мусульманских политических партии. Оксфорд, 1985. С.41.
 Протоколы Всероссийского мусульманского съезда. Пг. 1917. С. 318.
 Ресей мемлекеттік әлеуметтік саяси тарих мұрағаты (РМӘСТМ). 5-к., 1-т., 938-іс, 1-п.
 Султанғалиева Г.С. Джадидизм и взаимодействие тюркоязычных народов. Урало-Поволжья, Казахстан (конец - начале XX в.)// Вестник КазГУ им.Аль-Фараби. Сер. Истор. № 3. С. 38.
 Типеев Ш. Основные этапы в истории национального движения и Советской Башкирии. Уфа, 1929. С. 41.
 Умумий Русие мөселманлари съездинин қаралари. М., 1917. 7 б.
 Шаймерденова Ж.Қ.//Қазақстанда және Ресейде Ақмолланың рухани-ағартушылық қызметін зерттеу мәселелері. В соавторстве Букановой Р.Г., Казахстан, г. Кокшетау, Валихановские чтения-20. Том 1. Кокшетау, 2016.
 Юлдашбаев Б.Х. Учредительный курултай как вершина Башкирского национального движения // Этнополитическая мозаика Башкортостана. Т.2. М., 1992. С.64.

References

- Abuev K.K. Abylai khan zamandastary zhane urpaktary. Kokshetau. 2016
 Ayda Adile.Sadri Maksudi Arsal. 1996. 104 s
 Aktobe oblystyky kogamdyk-sayasy gazeti. 20 tamyz//<https://aqtobegazeti.kz/?p=3027>.2009
 Akhmetvaliyeva S //Akmulla-prosvetitel i myslitel XIX veka, 23 avg. 2011.
 Bashkortostan Respublikasynyn ortalyk tarikh muragaty (BROTM) 78-k.,1-t.,7-is, 11-p..
 BROTM.4917-k.,107-is,37-p
 Isin A. Abilkhayirdin khatin kalai okigan duris // Abay zhurnaly, №2. 2001.
 Zaki Validi Toğan.Vospominanya.Borba narodov Turkestana i drugih vostochnih musulman-tuirkov za natsionalnoe bytie i sohranenie kultury /Perevod s turetskogo. Ufa. 1994.
 Kazakhstan tarihi portaly.// e-history.kz, <https://e-history.kz/kz/projects/show/23015/> 2013.
 Kazakhstan Respublikasynyn ortalyk memlekettyk muragaty (KROMM). 544-k, 1-t., 186-is,1-p.
 Programnye dokumenty musulmanskih politicheskikh partyi.Oxford, 1985. S.41.
 Protokoly Vserossiskogo musulmanskogo sieazda.Pg. 1917. S. 318.
 Resey memlekettik aleumettik sayasi tarikh muragaty (RMASTM) 5-k.,1-t.,938-is,1-p.
 Sultangaliyeva G.S.Dzhadidizm i vzaymdeistviye turkoyazihnih narodov.Uralo-Povolzhiya, Kazakhstana (konets - nachale XX v.) // Vestnik KazGU im.AI-Farabi. Ser.istor. 2001 № 3(22). S. 38.

- Tipeev Sh. Osnovnye etapi v istorii natsionalnogo dvizheniya i Sovetskoï Bashkirii. Ufa. S. 41. 1929.
Umumii Rusie moselmanlari sezdinin karalari. M., 1917. 7 b
Shaymerdenova Zh.K.//Kazakhstanida zhane Reseyde Akmollanyn ruhani-agartushilik kizmetin zertteu maseleleri. V soavtorstve Bukanovoi R.G., Kazakhstan, g. Kokshetau, Valikhanovskoe chteniya-20. Tom 1. Kokshetau, 2016.
Validov R. // Istoki dukhovnosti. Ufa. 2006. 430.
Valikhanov Ch.Ch. tom 3, Almaty.1964.
Yuldashbaev B.H.Uchreditel'niï kurultai kak vepshina Bashkirskogo natsionalnogo dvizheniya// Etnopoliticheskaya mozaika Bashkortostana. T. 2. M., 1992. S.64.

IRSTI 3.20:03.29

POLITICAL EVOLUTION OF THE ASSEMBLY OF PEOPLE OF KAZAKHSTAN

Ualtayeva Altyn¹, Bidakhmetova Shinar²

¹candidate of historical sciences, associated professor, leading researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, e-mail: altyn.lazzat@mail.ru

²Master degree holder, Institute of philosophy, political science and religious studies, e-mail: shinar81@mail.ru

Abstract The proposed article is about political evolution of the Assembly of People of Kazakhstan (APK) as a significant tool for influencing the inter-ethnic situation in our country, primarily through the prism of political relations. For this purpose, historical, comparative, structural-functional and institutional methods of studying this problem were used to identify the specifics of the functioning of the APK and its transformation in political-ideological and content-social aspects.

The article attempts to consistently reveal the nature of theoretical and applied developments in inter-ethnic relationship, examines the world practice of harmonization of policy in this sphere based on the history of APK establishment, from local regional initiative to a recognized state institution. The Assembly's social and legal interdependence determined by the need to adapt to changing conditions. The analysis is carried out on current constitutional and legal status of the APK and prospects of this structure development in the coming years.

Key words: Assembly of people of Kazakhstan, ethnic group, tolerance, adaptation, Constitution of the Republic of Kazakhstan.

FTAXP 3.20:03.29

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚЫ АССАМБЕЯСЫНЫҢ САЯСИ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Уалтаева Алтын¹, Бидахметова Шынар²

¹ тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері, e-mail: altyn.lazzat@mail.ru

²Философия, саясаттану және дінтану институты, магистр e-mail: shinar81@mail.ru

Түйіндеме. Ұсынылған мақала этносаралық жағдайды реттеу саласындағы теориялық және қолданбалы әзірлемелердің сипатын дәйекті түрде ашуға бағытталған. Қазақстан халқы ассамблеясының (ҚХА) қалыптасуы мен дамуы тарихына шолу жасалды. Жергілікті аймақтық бастамадан танымал мемлекеттік мекемеге айналуы негізінде этносаралық қатынастарды үйлесімді реттеудің саясатын әлемдік тәжірибиені қолдана отырып жүзеге асыруын зерттейді. Сонымен қатар қоғамдық және құқықтық өзара ара қатынасты ашып көрсетеді, ҚХА-ның қазіргі құрлымы қарастырылып, оның алдағы жылдарда өзгеру барысы туралы болжамдар жасалады.

Мақалада Қазақстан халқы ассамблеясы біздің еліміздегі этносаралық қарым-қатынасқа маңызды әсер етуші, ең алдымен мәнді саясат жүргізудің негізгі құралы ретінде қарастырылды. ҚХА қызметінің ерекшеліктері анықталып, оның саяси-идеологиялық және мазмұндық-әлеуметтік аспектілері көрсетілді, бұл мәселені зерттеу тарихи салыстырмалы, құрылымдық-функционалды және институционалды әдістер арқылы жүзеге асты.

Кілт сөздер: Қазақстан халқы Ассамблеясы, этнос, толеранттылық, бейімделу, Қазақстан Республикасының Конституциясы.